

"Қазтамақөнеркәсібі" мемлекеттік-кооперативтік бірлестігі жанындағы "
Қазтамақөнеркәсіпшікізат" республикалық сыртқы экономикалық бірлестігін құру
туралы

Қазақстан Республикалық Министрлер Кабинетінің қаулысы 13 қазан 1992 ж. N 863

Шет елдердің фирмаларымен сыртқы экономикалық байланыстарды одан әрі дамыту, тамақ өнеркәсібіне арналған шикізат экспорты мен импорты көлемін ұлғайту және республика тамақ өнеркәсібінің кәсіпорындары мен ұйымдарының экспорттық-импорттық операциялар жөніндегі білікті қызметке деген өскелең қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қазтамақөнеркәсібі" Мемлекеттік-кооперативтік бірлестігінің "Қазтамақөнеркәсіпшікізат" республикалық сыртқы экономикалық бірлестігін ("Қазтамақөнеркәсіпшікізат" РСЭБ) құру туралы шешіміне құптаушылық білдірілсін.

2. "Қазтамақөнеркәсіпшікізат" РСЭБ-іне қолданылып жүрген заңдарға сәйкес өнімдер мен шикізат бойынша экспорттық-импорттық операцияларды жүзеге асыру хұқы берілсін.

3. "Қазтамақөнеркәсіпшікізат" РСЭБ-і:

облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдерінің келісімі бойынша өз қаржысы және несие, заем салым нысанындағы шетел валютасындағы тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының қаржысын тарту есебінен өнеркәсіп және өңдеу кешендерінің құрылысын жүзеге асыратын, сондай-ақ шетелдердегі осындай объектілердің құрылысына қатысатын;

өндірістік-техникалық мақсаттағы шикізат пен материалдарды, машиналарды, жабдықтарды және олардың босалқы бөлшектерін, халық тұтынатын тауарларды белгіленген тәртіп пен шетелдерден сатып алатын болып белгіленсін.

4. "Қазтамақөнеркәсіпшікізат" РСЭБ-і заңдарда көзделген тәртіп пен шарттарға сәйкес бірлестіктегі, оның филиалдарындағы және меншіктің кез-келген нысанындағы кәсіпорындардың өкілдіктеріндегі жұмысқа кеңес және шетел мамандарын тартуға хұқылы.

5. "Қазтамақөнеркәсіпшікізат" РСЭБ-іне белгіленген тәртіп бойынша "Қазтамақөнеркәсіпшікізат" РСЭБ-і аппараты мен оның-филиалдарының делегациялары мен мамандарының шетелдерге қызметтік іссапарға шығуы жөнінде шешім қабылдауына рұқсат етілсін.

6. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі "Қазтамақөнеркәсіпшікізат" РСЭБ-іне оның өтінуі бойынша қажетті байланыс құралдарын бөлетін болсын.

7. Республикалық министрліктер мен ведомстволар, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері "Қазтамақөнеркәсіпшікізат" РСЭБ-інің практикалық қызметіне жан-жақты көмек көрсетсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК